

Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 1 қарашадағы № 132 шешімі

Кеден одағының Кеден кодексі 180-бабының 1 және 3-тармақтарына және 350-бабының 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының шешімдеріне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының
міндетін уақытша атқарушы*

К. Минасян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 1 қарашадағы
№ 132 шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден одағы Комиссиясының шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 14 қазандағы № 422 шешімімен бекітілген Көлік құралына арналған кедендік декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулықта:

а) 6-тармақтағы "берілген КҚКД ұсынылады" деген сөздер "берілген КҚКД ұсынуға жол беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 8-тармақтың бірінші абзацы "табыс етіледі" деген сөздерден кейін "(кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттарда және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілерде өзгеше белгіленбесе)" деген сөздермен толықтырылсын;

в) 9-тармақтың төртінші абзацы "декларациялау кезінде" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекеттің аумағында тіркелген, кедендік аумаққа су көлігімен ХТКҚ ретінде келген және кедендік аумақпен (оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы) ондағы тауарларды кедендік аумақтағы түпкілікті сатып алушыға жеткізу үшін өзге көлік түрімен тасымалданатын контейнерлерді кедендік аумаққа уақытша әкелу кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

г) 10-тармақтың он алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер КҚКД осы Нұсқаулықтың 6-тармағына сәйкес берілсе, онда тіркеу нөмірі бұрын осындай КҚКД берілген тіркеу нөмірінен кейін "/" деген бөлу белгісі арқылы қойылады".

2. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 қарашадағы № 511 шешімімен бекітілген Халықаралық тасымалдың уақытша әкелінетін және уақытша әкетілетін көлік құралдарына қатысты жекелеген кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы нұсқаулықта:

а) мәтін бойынша тиісті түрдегі және септіктегі "Кеден одағына мүше мемлекет" деген сөздер тиісті түрдегі және септіктегі "мүше мемлекет" деген сөздермен, тиісті түрдегі және септіктегі "Кеден одағының кедендік аумағы" деген сөздер тиісті түрдегі және септіктегі "Одақтың кедендік аумағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

б) 1-тармақ "(бұдан әрі – ХТКҚ)" деген сөздерден кейін "(оның ішінде жүктерді осы ХТКҚ-мен Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ) мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы тасымалдауды жүзеге асыру кезінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

в) 2-тармақта:

бірінші абзацтағы "Кеден одағына мүше мемлекеттер" деген сөздер "Одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "бірыңғай" деген сөз алып тасталсын;

г) 7-тармақта:

төртінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Одақтың кедендік аумағынан тысқары жерден басталатын және Одақтың кедендік аумағында аяқталатын жол жүру маршрутын растайтын құжаттар, - Одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекеттің аумағында тіркелген, Одақтың кедендік аумағына су көлігімен келген және Одақтың кедендік аумағымен (оның ішінде Одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы) ондағы тауарларды Одақтың кедендік аумағындағы түпкілікті сатып алушыға жеткізу үшін өзге көлік түрімен тасымалданатын контейнерлерге қатысты (бұдан әрі – су көлігімен келген шетелдік контейнерлер).";

алтыншы абзац "(егер осындай құжат берілген күннен бастап күнтізбелік 14 күнге жетпейтін уақыт өткен жағдайда)" деген сөздермен толықтырылсын;

д) 10-тармақта:

бірінші абзацтағы "КҚКД куәлік нысанында берілетін жағдайларды қоспағанда" деген сөздер "мынадай жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"куәлік нысанындағы КҚКД беру;

Одақтың кедендік аумағына уақытша әкелу және осындай аумақтан су көлігімен келген шетелдік контейнерлерді кері әкету.";

е) 11-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Одақтың кедендік аумағына Одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы ХТКҚ ретінде су көлігімен келген шетелдік контейнерлердегі тауарларды Одақтың кедендік аумағындағы түпкілікті алушыға дейін жеткізу үшін осындай контейнерлерді уақытша әкелу және кейіннен оларды Одақтың кедендік аумағынан КҚКД ретінде кері әкету кезінде осындай уақытша әкелу шеңберінде су көлігімен келген осы шетелдік контейнерлерді ХТКҚ ретінде кедендік декларациялау кезінде ұсынылған КҚКД пайдалануға жол беріледі.";

ж) 12-тармақтың 4-тармақшасында:

бірінші абзац "ресімдеу" деген сөзден кейін "(осы тармақшаның бесінші – жетінші абзацтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы Одақтың кедендік аумағы бойынша өтетін су көлігімен келген шетелдік контейнерлерді ХТКҚ ретінде Одақтың кедендік аумағына уақытша әкелу кезінде КҚКД тексеру нәтижелері бойынша осындай ХТКҚ уақытша әкелуді ресімдеу:

тасымалдаушының стандарттық құжаттарын КҚКД ретінде пайдалану кезінде – осы Нұсқаулықтың 5-тармағында көзделген тиісті құжатта (бұған дейін мұндай КҚКД берілген тіркеу нөмірінен кейін жаңа жолдан) КОК №422 шешімімен бекітілген Көлік құралына арналған кедендік декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулықтың 10-тармағында құрылымы анықталған КҚКД тіркеу нөмірін, "Уақытша әкелу мерзімі – КК.АА.ЖЖЖЖ" жазбасын жазу арқылы ХТКҚ уақытша әкелудің аяқталған күнін көрсету жолымен;

КОК № 422 шешімімен бекітілген көлік құралына арналған кедендік декларацияның нысанын КҚКД ретінде пайдалану кезінде – мұндай КҚКД-ға бұрын берілген тіркеу нөмірінен кейін "/" бөлу белгісі арқылы КҚКД тіркеу нөмірін қойып, А бағанын толтыру жолымен жүзеге асырылады.";

з) 15-тармақ:

"екіншісі –" деген сөзден кейін "мынадай жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"куәлік нысанындағы КҚКД беру;

су көлігімен келген шетелдік контейнерлерді Одақтың кедендік аумағына уақытша әкелу және осындай аумақтан кері әкету.";

и) мынадай мазмұндағы 15¹ тармақпен толықтырылсын:

"15¹. Су көлігімен келген шетелдік контейнерлерді Одақтың кедендік аумағына уақытша әкелу және ондағы тауарларды Одақтың кедендік аумағындағы түпкілікті алушыға дейін жеткізу үшін Одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы Одақтың кедендік аумағымен осындай уақытша әкелу шеңберінде осы

контейнерлерді өткізу және осындай контейнерлерді ХТКҚ ретінде кедендік декларациялаумен байланысты кедендік операцияларды жасау кезінде, декларант кеден органына КҚКД (бір данада) табыс етеді, кеден органы оны декларантқа кедендік декларациялаумен байланысты кедендік операциялар жасалғаннан және декларацияланатын ХТКҚ-ға қатысты кедендік бақылау жүргізілгеннен кейін қайтарады.";

к) 16² тармақтың үшінші абзацындағы "Кеден одағының кедендік шекарасын" деген сөздер "Одақтың кедендік шекарасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

л) 28-тармақтың 3-тармақшасында:

үшінші абзацтағы "Б бағанын" деген сөздер "В бағанын" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "Кеден одағының кедендік аумағына уақытша әкелінген ХТКҚ-ны әкету немесе осындай аумақтан уақытша әкетілген ХТКҚ-ны әкелу кезінде" деген сөздер алып тасталсын;

м) 32-тармақта:

бірінші абзацтағы "Кеден одағының кеден заңнамасын" деген сөздер "кедендік құқық қатынастарын реттейтін, Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Су көлігімен келген, Одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы Одақтың кедендік аумағы бойынша осындай уақытша әкелу шеңберінде өткізілетін шетелдік контейнерлерді ондағы тауарларды Одақтың кедендік аумағындағы түпкілікті алушыға дейін жеткізу үшін уақытша әкелуді немесе әкетуді ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігі қамтамасыз етілгенге дейін, кеден органы қажет болған кезде кеден органының іс қағаздарында сақтау үшін КҚКД көшірмесін жасайды."